

Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының медальдары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 маусымдағы N 129 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 155 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.09.30 N 155 Жарлығымен.

" Президент пен Үкімет
актілерінің жинағында "
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының медальдары туралы

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар органдарындағы қызметтің беделін көтеру мақсатында
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының мынадай медальдары тағайындалсын:

- 1) "Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін";
- 2) "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері";
- 3) I, II, III дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін".

2. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар органдары медальдарының сипаттамасы мен эскиздері;

2) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар органдары медальдарымен наградтау ережелері;

3) Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының медальдарына куәліктердің сипаттамасы мен үлгілері бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының медальдары мен оларға куәліктерді дайындау жөніндегі шығыстар заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар органдарын ұстауға көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2006 жылғы 5 маусымдағы

№ 129 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы

төтенше жағдайлар органдары медальдарының

СИПАТТАМАСЫ

"Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін" медалі

"Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін" медалі мельхиордан жасалады және диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Медальдің беткі жағының ортасында - "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызғылт-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бейнеленген жер шарының бейінді бейнесі, жер шары пішінінің төменгі жағында - қалықтаған қыран. Жер шарының реңі көгілдір эмальмен боялған. Қалықтаған қыран мен жер шарының меридиандары бейнелеріне алтын жалатылған.

Медальдің сыртқы жағының ортасында "Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін" деген жазу орналасқан.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңес. Медальдің шеттері ернеумен жиектелген.

Медаль құлақша мен шығыршықтың көмегімен жібек қатқыл лентамен қапталған ені 30 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанмен жалғанады. Лентаның ортасында ені 3 мм екі қызғылт сары жолақ, олардың ортасында ені 2 мм көгілдір жолақ, қызғылт-сары жолақтардың жиектерінде ені 3 мм ақ жолақтар орналасқан. Лентаның жиектерінде ені 8 мм көгілдір жолақтар бар. Лентаның ені 30 мм.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

Медальдің эскизі қоса беріліп отыр.

"Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медалі

"Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медалі жезден жасалады және сары түстес екі қырлы сәулелері бар сегіз бұрышты дөңес жұлдыз нысанында болады. Жұлдыздың ортасында - "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызғылт-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бейнеленген жер шарының бейінді бейнесі, жер шары пішінінің төменгі жағында - қалықтаған қыран. Ол бейнелер сақинаның қызыл түсі аясындағы "ҚАЗАҚСТАН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ОРГАНДАРЫНЫҢ АРДАГЕРІ" деген жазумен көмкерілген. Жер шары мен қалықтаған қыранның реңі көгілдір эмальмен боялған. Әріптерге, қалықтаған қыранның пішініне және жер шарының меридиандарына алтын жалатылған.

Медальдің сыртқы жағының ортасында "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" деген жазу орналасқан. Төменгі жағында - " 2 5 ж ы л " д е г е н ж а з у .

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңес.

Жұлдыздың қарама-қарсы ұштары арасындағы медальдің көлемі - 38 мм.

Медаль құлақша мен шығыршықтың көмегімен жібек қатқыл лентамен қапталған ені 30 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанмен жалғанады. Лентаның ортасында ені 17 мм көгілдір жолақ, лентаның оң жиегінде ені 1 мм үш қара жолақпен кезектескен ені 1 мм төрт қызғылт-сары жолақ орналасады. Лентаның сол жиегінде арасында ені 2 мм көгілдір жолағы бар ені 3 мм және 1 мм екі қызғылт-сары жолақ орналасады. Лентаның ені 30 мм.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

Медальдің эскизі қоса беріліп отыр.

I, II, III дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі

I дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі жезден жасалады және диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Медальдің беткі жағының ортасында Қазақстан Республикасы өртке қарсы қызмет органдарының эмблемасы: қалықтаған қыранның қанаттарының арасында айқасқан өрт сөндіру балталары бар өрт сөндіруші каскасының бейнесі орналасқан. Эмблемаға алтын жалатылған.

Медальдің сыртқы жағының ортасында "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" деген жазу орналасқан. Төменгі жағында " 2 0 ж ы л " д е г е н ж а з у .

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңес. Медальдің шеттері е р н е у м е н ж и е к т е л е д і .

Медаль құлақша мен шығыршықтың көмегімен жібек қатқыл лентамен қапталған ені 30 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанмен жалғанады. Лентаның жиектерінде ені 7 мм көгілдір жолақтар орналасады, лентаның ортасында арасында ені 6 мм ақ жолағы бар ені 5 мм екі қызғылт-сары жолақ орналасады. Лентаның ені 30 мм.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

II дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі мельхиордан жасалады және диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында б о л а д ы .

Медальдің беткі жағының ортасында Қазақстан Республикасы өртке қарсы қызмет органдарының эмблемасы: қалықтаған қыранның қанаттарының арасында айқасқан өрт сөндіру балталары бар өрт сөндіруші каскасының бейнесі орналасқан. Эмблемаға алтын жалатылған.

Медальдің сыртқы жағының ортасында "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" деген жазу, төменгі жағында "15 жыл" деген ж а з у о р н а л а с қ а н .

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңес. Медальдің шеттері е р н е у м е н ж и е к т е л е д і .

Медаль құлақша мен шығыршықтың көмегімен жібек қатқыл лентамен қапталған ені 30 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанмен жалғанады. Лентаның жиектерінде ені 7 мм көгілдір жолақтар орналасады, лентаның ортасында шеткілерінің ені 4 мм, ортаңғысы 2 мм үш қызғылт-сары жолақтармен кезектескен ені 3 мм екі ақ жолақ орналасады. Лентаның ені 30 мм.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

III дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі мельхиордан жасалады және диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында б о л а д ы .

Медальдің беткі жағының ортасында Қазақстан Республикасы өртке қарсы қызмет органдарының эмблемасы: қалықтаған қыранның қанаттарының арасында айқасқан өрт сөндіру балталары бар өрт сөндіруші каскасының бейнесі орналасқан. Эмблемаға күміс жалатылған.

Медальдің сыртқы жағының ортасында "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" деген жазу, төменгі жағында "10 жыл" деген ж а з у о р н а л а с қ а н .

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңес. Медальдің шеттері е р н е у м е н ж и е к т е л е д і .

Медаль құлақша мен шығыршықтың көмегімен жібек қатқыл лентамен

қапталған ені 30 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанмен жалғанады. Лентаның жиектерінде ені 7 мм көгілдір жолақтар орналасады, лентаның ортасында шеткілерінің ені 4 мм, ал ортаңғыларының ені 1 мм төрт қызғылт-сары жолақпен кезектескен ені 2 мм үш ақ жолақ орналасады. Лентаның ені 30 мм.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

Медальдардың эскиздері қоса беріліп отыр.

"Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін" медалі
Медальдің суретін қағаз мәтінінен қараңыз

"Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медалі
Медальдің суретін қағаз мәтінінен қараңыз

I дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі (өртке қарсы қызмет органдарындағы 20 жыл мінсіз қызметі үшін наградау)
Медальдің суретін қағаз мәтінінен қараңыз

II дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі (өртке қарсы қызмет органдарындағы 15 жыл мінсіз қызметі үшін наградау)
Медальдің суретін қағаз мәтінінен қараңыз

III дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі (өртке қарсы қызмет органдарындағы 10 жыл мінсіз қызметі үшін наградау)
Медальдің суретін қағаз мәтінінен қараңыз

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 5 м а у с ы м д а ғ ы

№ 1 2 9 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы

төтенше жағдайлар органдарының медальдарымен наградау

ЕРЕЖЕЛЕРІ

"Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін" медалі

1. "Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

2. "Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін" медалімен халықты авариялардан, апаттардан, өрттен және дүлей зілзалалардан

қорғау жөніндегі өз борышын үлгілі орындаған төтенше жағдайлар органдарының қызметкерлері, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларға белсене қатысқан және осы жағдайда батылдық пен жанқиярлық көрсеткен басқа да адамдар наградталады.

3. Медальмен наградтау туралы қолдаухаттар беру және қарау тәртібін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі белгілейді.

4. Медаль тапсыруды Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, төтенше жағдайлар органдары бөлімшелерінің бастықтары жүргізеді.

5. Әрбір наградталған адамға медальді тапсырумен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі қол қойған тиісті куәлік беріледі.

6. "Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін" медалі кеуденің сол жағына тағылады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болған кезде, солардан кейін орналасады. Аталған медальға қоса берілетін лентасы бар планка кеуденің сол жағына мемлекеттік наградалардың нышандарынан кейін орналасады.

"Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медалі

1. "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

2. "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медалімен әскери қызметте тұрғандарды қоспағанда, қызметі бойынша жағымды сипатталатын әрі күнтізбелік есептеу бойынша 25 және одан да көп жалпы еңбек сіңірген жылдары бар төтенше жағдайлар органдарының қызметкерлері на г р а д т а л а д ы .

3. "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медалімен наградтау туралы қолдаухаттар беру және қарау тәртібін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі белгілейді.

4. "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медалін тапсыруды Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, төтенше жағдайлар жөніндегі жергілікті органдардың басшылары жүргізеді.

5. Әрбір наградталған адамға медальді тапсырумен бір мезгілде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі қол қойған тиісті куәлік беріледі.

6. "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медалі кеуденің сол жағына тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік

наградлары болған кезде, солардан кейін орналасады. Аталған медальға қоса берілетін лентасы бар планка кеуденің сол жағына мемлекеттік наградалардың нышандарынан кейін орналасады.

I, II, III дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі

1. "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

2. "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалінің үш дәрежесі болады:

I дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі - 20 жыл мінсіз қызметі үшін;

II дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі - 15 жыл мінсіз қызметі үшін;

III дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі - 10 жыл мінсіз қызметі үшін наградауға арналған.

I дәрежелі "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі жоғары дәрежелі болып табылады.

3. "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалімен наградау төменгі дәрежеден жоғарыға қарай дәйектілікпен жүргізіледі. Алдыңғы дәрежедегі медальді алмағандарды одан жоғарырақ дәрежелі медальмен наградауға жол берілмейді.

4. "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалімен Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 10 және одан да көп жыл жалпы еңбек сіңірген жылдары бар, қызметі бойынша жағымды сипатталатын әрі өзінің қызметтік борышын үлгілі орындаған өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері наградалады.

5. "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалімен наградау туралы қолдаухаттар беру және қарау тәртібін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі белгілейді.

6. "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалін тапсыруды Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, өртке қарсы қызмет органдары бөлімшелерінің бастықтары жүргізеді.

7. Әрбір наградалған адамға медаль тапсырумен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі қол қойған тиісті куәлік беріледі.

8. "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі

дәрежелердің жоғарылау тәртібімен кеуденің сол жағына тағылады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болған кезде солардан кейін орналасады. Аталған медальға қоса берілетін лентасы бар планка кеуденің сол жағына мемлекеттік наградалар нышандарынан кейін орналасады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 5 м а у с ы м д а ғ ы

№ 1 2 9 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының
медальдарына қоса берілетін куәліктердің
СИПАТТАМАСЫ МЕН ҮЛГІЛЕРІ**

Куәліктер "Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін", "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медальдары үшін төрт парақты және "Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі үшін сегіз парақты мөлшері 8x11 см көлемдегі кітапша болып табылады. Куәліктердің тысы көгілдір түсті бумвинильді негіздегі катырма қағаздан жасалған. Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы мен жазулар батыңқы түсірілген алтын түспен жасалған.

Куәліктердің эскиздері қоса беріліп отыр.

	<p>Елтаңбаның бейнесі КУӘЛІК</p>
<p>тегі (фамилия) _____ аты (имя) _____</p>	<p>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің _____ жылы _____ № _____ бұйрығымен "Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік</p>

<p>_____ аты (отчество) _____ әкесінің</p> <p>1</p>	<p>шыққаны үшін" медалімен наградалды</p> <p>Қ а з а қ с т а н</p> <p>Республикасының Төтенше жағдайлар министрі 2</p>
<p>Приказом Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан N _____ от _____ года</p> <p>награжден(а) медалью "Төтенше жағдайлардың алдында және жоюда үздік шыққаны үшін" 3</p>	<p>ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕР ОСОБЫЕ ОТМЕТКИ</p> <p>4</p>
	<p>Елтаңбаның бейнесі КУӘЛІК</p>
<p>тегі (фамилия) _____</p>	<p>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің _____ жылғы _____ N _____ бұйрығымен</p>

<p>----- аты (имя) ----- әкесінің аты (отчество)</p> <p>1</p>	<p style="text-align: center;">"Төтенше жағдайлар органдарының ардагері" медалімен наградталды</p> <p style="text-align: center;">Қ а з а қ с т а н Республикасының Төтенше жағдайлар министрі 2</p>
<p>Приказом Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан N от _____ года</p> <p>награжден(а) медалью "Төтенше жағдайлар органдарының ардагері" 3</p>	<p>ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕР ОСОБЫЕ ОТМЕТКИ</p> <p>4</p>
	<p>Елтаңбаның бейнесі КУӘЛІК</p>
	<p>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің</p>

<p>тегі (фамилия) _____</p> <p>аты (имя) _____</p> <p>әкесінің аты (отчество) _____</p> <p>1</p>	<p>жылғы _____ N _____ бұйрығымен</p> <p>III дәрежелі "Өртке қарсы қызмет мінсіз қызметі үшін" медалімен наградалды</p> <p>Қ а з а қ с т а н Республикасының Төтенше жағдайлар министрі 2</p>
<p>Приказом Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан N _____ от _____ года</p> <p>награжден(а) медалью "Өртке қарсы қызмет мінсіз III степени үшін"</p> <p>3</p>	<p>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің жылғы _____ N _____ бұйрығымен</p> <p>II дәрежелі "Өртке қарсы қызмет мінсіз қызметі үшін" медалімен наградалды</p> <p>Қ а з а қ с т а н Республикасының Төтенше жағдайлар министрі</p> <p>4</p>
<p>Приказом Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан N _____ от _____ года</p> <p>награжден(а) медалью "Өртке қарсы қызмет мінсіз II степени үшін"</p> <p>5</p>	<p>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің жылғы _____ N _____ бұйрығымен</p> <p>I дәрежелі "Өртке қарсы қызмет мінсіз қызметі үшін" медалімен наградалды</p> <p>Қ а з а қ с т а н Республикасының Төтенше жағдайлар министрі</p> <p>6</p>

Приказом Министра по
чрезвычайным ситуациям
Республики Казахстан
N _____
от _____ года

награжден(а) медалью
"Өртке қарсы
қызмет органдарындағы
мінсіз қызметі үшін"
I степені
7

ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕР
ОСОБЫЕ ОТМЕТКИ